

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ - БІРЛІК



Аудан әкімі **Ғалымжан Маманбаевтың**
Қазақстан Халқының бірлігі күнімен құттықтауы

Қадірменді жерлестер!

Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 130-дан астам ұлт пен ұлыстың жерұйық мекеніне айналған Қазақ жерінде осынау мейрамның мән-маңызы айрықша. Өз алдымызға егемен ел атанған сонау 1991 жылдан мемлекетіміз әлем қауымдастығы алдында өзінің бейбітшіл саясатымен танылды. Осы орайда ырыс бастауы – ынтымақты ту етіп, қаншама ұлт өкілдерін тату-тірлікке ұйытып, бейбітшілік пен рухани келісімін сақтауында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған саясаттың орны айрықша. Бұл ілкімді істе қазақ ұлтымен жұдырықтай жұмылып, ел мәртебесін биіктету жолында жемісті еңбек етіп келе жатқан өзге ұлттардың ортақ үлесі барлығы сөзсіз.

Құрметті қауым!

Барша сарқандықтарға амандық-саулық, жасампаз еңбек, жарқын болашақ, отбасыларына бақыт тілеймін!



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №16 (95174) 1 мамыр 2026 ж.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев экобелсенділермен бірге елорданың «Самал» саябағында ағаш отырғызды.

Бұдан кейін Президентке жауапты мемлекеттік орган басшылары атқарылған жұмыс жайында баяндады.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысына шаһарды абаттандыру, қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру, сондай-ақ қолайлы және қауіпсіз қала қалыптастыру бағытында қолға алынған шаралар жөнінде мәлімет берді. Оның айтуынша, биыл елордада 173 орынды (қоғамдық кеңістіктер мен аулалар) жаңғырту, 1,1 миллион түп жасыл желек, атап айтқанда, көшеттер, бұталар, гүлдер мен ағаштар егу жоспарланып отыр. Негізгі жобалардың бірі – тұрғындар көп келетін «Самал» саябағы. Аталған аумақ отбасылық демалысқа, спортпен шұғылдануға және мәдени іс-шараларға ыңғайлы кеңістік ретінде жобалануда. Саябақта мұз айдыны, серуендеу бағдарлары, жаяу жүргінші көпірі, тоған, балаларға арналған ойын алаңы мен демалысқа ыңғайлы кеңістік қарастырылған.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Таза Қазақстан» акциясы басталған екі жыл ішінде 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын жеткізді. Осы уақыт аралығында 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық тал егілген. Жыл сайын бұл бастамаға 6,5 миллион адам, соның ішінде 780 мың волонтер қатысады. Министрдің айтуынша, 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру үшін 1 миллионнан аса гектарға 1 648,4 миллион түп көшет отырғызылған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілді. Алдағы уақытта 1 760 мың гектар жерді қамтитын 46 экоаумақ құрылады.

Іс-шараға Ақсу-Жабағылы табиғи қорығынан Түркістан облысы әкімі Нұралхан Көшерев пен эковолонтер Аида Қақанбай, Жайық жағасынан Батыс Қазақстан облысы әкімі Нариман Төреғалиев пен экобелсенді Нұрсұлтан Сәрсенбаев, Шығыс Қазақстан облысынан аймақ әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен Үлбі металлургия зауытының басқарма төрағасы Сергей Бежецкий, Баянауылдан Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов пен «Жасыл ел» Павлодар облысы штабының жетекшісі Русана Сулай-



монова бейнебайланыс арқылы қосылып, жалпыұлттық экологиялық акция аясында өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Акция барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, екі жыл бұрын тағылымы мол, мән-мазмұны айрықша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталғанын айтты.

Мемлекет басшысы акцияға атсалысқан отандастарымызға, әсіресе, жастарға ризашылығын білдірді.

– «Таза Қазақстанның» негізгі қозғаушы күші және арқауы жастар десек, артық болмайды. Ұл-қыздарымыз ортақ іске белсене атсалысып, жауапкершіліктің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Бүгінгі маңызды іс-шараға жасампаз әрі жаңашыл жастар қатысып отыр. Еліміздің жарқын болашағы – сіздер сияқты рухы мықты, отаншыл, ерік-жігері күшті азаматтардың қолында. Түптеп келгенде, біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Барымыз да, басты байлығымыз да – қастерлі Отанымыз Қазақстан. Сондықтан қасиетті жеріміздің, киелі еліміздің Озық, Қауіпсіз, Күшті әрі Таза болғаны тек бізге ғана керек. Осыны дұрыс түсінген абзал. Бұл жобаның түпкі мәні – табиғатты аялау, тазалық пен тәртіпті дәріптеу, саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы ұлт қалыптастыру, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта елімізде ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді. Былтыр республика бойынша 1200-ге жуық экологиялық іс-шара өтті, 1 миллион гектардан астам аумақ тазартылды, шамамен 4 миллионға жуық тал егілді.

– Игі бастамаға 800 мыңға жуық во-

лонтер қатысты. Қазір әлемде қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруіне байланысты көптеген сын-қатер пайда болды. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Халықаралық қауымдастық табиғатты қорғау мәселесіне баса мән беріп отыр. Қазақстан да осы бағытта нақты бастамалар көтеріп келеді. Кеше Астанада Біріккен Ұлттар ұйымының аясында ұйымдастырылған Өңірлік экологиялық саммит аяқталды. Осы ауқымды форум шеңберінде эковолонтерлікке, ресурстарды үнемдеу мәселелеріне арналған маңызды іс-шаралар өтті. Бұған дейін де айтқанымдай, әлемде

ешқандай ел экология мәселесін жалғыз өзі шеше алмайды. Бұл аса күрделі, жауапты жұмыс, сондықтан осы бағытта дипломатиялық күш-жігерді, ғылымды, бизнесті, қоғамды, волонтерлерді, бір сөзбен айтқанда, мақсаткер жастарды жұмылдыру қажет. Өйткені патриот жастар әрдайым өзгерістердің көш басында жүреді. Сіздердің тарихи миссияларыңыз – елімізді жоғары технологиялар мен өнер, ғылым және гуманистік құндылықтар салаларында мейлінше дамыған мемлекеттер қатарына қосу, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанда соңғы жылдары көп өзгеріс болғанын, бұл көзге көрініп тұрғанын айта келе «Таза Қазақстан» бастамасын дамыту аясында жануарларға қамқорлық мәдениетін қалыптастыруға тоқталды.

– Үй жануарларының адамдардан қорлық көруіне жол бермеу керек. Үкімет үй жануарларын дұрыс күтіп-баптамағандарға берілетін өкімшілік жауапкершілікті қатаңдатып, ал оларға қатыгездік көрсеткендерге кесілетін қылмыстық жазаны күшейтуі керек. Негізгі, қаңғыбас иттер проблемасына азаматтардың немқұрайлылығы себеп: яғни олар бастапқыда жануарларға ықыласы ауып асырағанымен, кейіннен көңілдері қалып, керексіз заттай көшеге тастап кетіп жатады. Мұндай келеңсіздіктердің алдын алу қажет. Сондай-ақ ешқандай «хайпқа» жол бермей, мамандандырылған жануарлар орталықтарының қызметіне қоғамдық бақылау қойған жөн. Бұл іске сіздер де үлес қосасыздар деп ойлаймын. Жалпы, қаңғыбас иттерге қамқорлықпен қарау

қоғамның арасына сына қақпауға тиіс. Өңірлерден алған ақпаратқа сәйкес, балалар, тіпті, ересектер жабайы иттерден жиі зардап шегуде. Басты мәселе – осы. Сондықтан бұл проблемаға мемлекет пен жұртшылықтың, нақты айтқанда, заң шығару тұрғысынан Парламенттің араласпасына болмайды. Бірақ біз қорғаныс жануарларды жәбірлеген фактілерге де бей-жай қарамауымыз керек, атап айтқанда, үй жануарларын азаптағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан дұрыс. Осындай тәсілдер қоршаған ортаға озық әрі жауапты көзқарас қалыптастырады деп ойлаймын. Бұл да «Таза Қазақстан» аясында атқарылуға тиіс істің бірі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық мәдениетті қалыптастыру ісінде білім жүйесіне баса мән беруді маңызды мәселе ретінде атап өтіп, қазір елімізде түбегейлі өзгерістер қолға алынып, ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді.

– Наурыз айында өткен республикалық референдумда жаңа Конституциямызды қабылдадық. Осылайша, ел тарихының жаңа парағын аштық. Біздің түпкі мақсатымыз – «Заң мен тәртіп» қағидаты берік орныққан қауіпсіз және әділетті қоғам құру. Жас ұрпаққа, яғни сіздерге өркениетті, беделді, дамыған мемлекетті аманат етіп қалдыру. Осы жолда бәріміз табанды еңбек етуіміз керек. Ал Отанға қызмет қарапайым дүниелерден басталады. Тал егу, айналаңды таза ұстау арқылы елге пайдалы болуға, яғни ұлтқа қызмет етуге болады. Мен жастардың, еріктілердің елімізді көркейтуге қосқан орасан зор үлесін жоғары бағалаймын. Адал еңбектеріңізді ерекше құрметке лайық деп санаймын. Тазалық – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Ой-ниеті және ары таза адам ешкімге ешқашан қиянат жасамайды, ондай адам елін де сатпайды. Тәртіпке бағынып, түзу жолдан да адаспайды. Айналасына қамқор, жақындарына жанашыр болады. Елдің көшін алға бастап, ұлт сапасын жақсартуға атсалысады. Мен бәріңізді дәл осындай азамат деп есептеймін. Баршаңызға тағы да сәттілік тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, Отан алдындағы адалдығын нақты ісімен көрсеткен бір топ азаматты марапаттады.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономика саласына жасанды интеллект енгізу мәселесі қаралды. Жиында Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, өнеркәсіп және құрылыс министрі – Ерсайын Нағаспаев, көлік министрі – Нұрлан Сауранбаев, энергетика министрі – Ерлан Аққенженов, ғылым және жоғары білім министрі – Саясат Нұрбек, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ, Астық консорциумы және «Ascle» IT стартап басшылығы баяндама жасады.

Премьер-министр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мәселелеріне және цифрлық технологиялар мен ЖИ-ді жаппай енгізуге айрықша мән беретінін, бұл елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясының жобасы әзірленді. Ол жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын барынша енгізуді мақсат етеді. Аталған құжат алдағы уақытта саланың ұзақмерзімді даму бағдарына мүлдем жаңа көзқарасты қалыптастырып, қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру шараларын үйлестіруге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз экономиканы цифрлық трансформациялауға айтарлықтай серпін беруіміз қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша біз IT-қызметтер экспортын \$1 млрд-тан астам деңгейге жеткіздік. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллектің әлемдік экономикаға қосатын үлесі \$22 трлн-нан асады. IT саласы ерекше қарқынмен дамып келеді, сондықтан жаһандық ауқымдағы цифрлық бәсекеге қабілетті болу үшін жұмыла жұмыс істеу керек. Еліміздің кәсіпорындарында цифрлық технологияларды енгізу өнімнің сапасын, еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруға



Үкіметте экономика салаларында ЖИ енгізу мәселесі қаралды

мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Есептеу қуатын дамытуға назар аударылады. Елімізде Alem.Cloud және AL Farabium өңірдегі ең ірі суперкомпьютер кластерлері орналасқан. Олар жаһандық TOP-500 рейтингіне кіреді.

Мемлекеттік органдар мен бизнес тарапынан есептеу қуаттарын бөлуге қатысты өтініштер санының артуына байланысты Премьер-министр Жасанды интеллект министрлігіне қолданыстағы көлемдерді ұлғайту бойынша және есептеу қуатының шектеулі болуы тежеуші факторға айналып кетпеуі үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Павлодар облысында «Деректерді өңдеу орталықтары алқабы» жобасын жүзеге асыруға инвесторлар тарту жұмысын жандандыру қажеттігі атап өтілді. Қазақстан инвесторлар мен IT-мамандар, соның ішінде шетелдік мамандар үшін де тартымды болуы керек. Жауапты ведомствоға Қазақстан аумағында бұлтты провайдерлердің қызметін реттеу мен оның дамуын ынталандыруға арналған заңнамалық түзетулер әзірлеу тапсырылды.

Премьер-министр жасанды интеллекті жаппай енгізудің негізгі шарты сапалы әрі қолжетімді деректердің болуы

екенін атап өтті. Шашыраңқы деректерді ретке келтіру, бизнеске мемлекеттік деректер қорының қолжетімді болуы және оларды пайдаланудың бірыңғай стандарттарын енгізу мәселелерін шешу міндеттері қойылды. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне әдіснамалық базаны қалыптастыруды аяқтап, салалық «data-lake»-тер құруға басымдық беруді тапсырылды.

ЖИ дамуында жеке сектор маңызды рөл атқарады. Бизнес үшін экономикалық ынталандыру құралдарын әзірлеу қажеттілігіне, сондай-ақ қаржы институттарының, ең алдымен, цифрландыру және жасанды интеллекті қолдану деңгейі жоғары жобаларға қолдау көрсетуіне баса назар аударылады. Жасанды интеллект жобаларының бірыңғай пулын қалыптастыру қажет. Бұл алдымыздағы мақсат-міндеттердің ауқымын айқындап, сапалы үйлестіруді қамтамасыз етеді және жобалардың қайталануын болдырмауға, ресурстарды тиімді жұмсауға ықпал етеді.

Премьер-министр қазіргі сынқатерлер әлеуметтік-экономикалық даму барысын жоспарлаудың неғұрлым нақты құралдарына көшуді талап ететінін атап өтті. Жасанды интеллект үлкен

деректерді өңдеуге, заңдылықтарды анықтауға және барынша нақты болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Яғни, мемлекеттік экономикалық саясаттың тиімділігін арттырады.

Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі Жасанды интеллект министрлігімен бірлесіп, экономикалық үдерістердің дамуын болжау үшін жасанды интеллектті қолданудың нақты тетігін енгізуі қажет.

Кәсіпорындардың көпшілігіне, әсіресе шағын және орта бизнес үшін жасанды интеллект күрделі әрі қол жеткізе алмайтын құрал болып отыр. Мұның негізгі себептері – құзыреттердің, ресурстар мен нақты іске асыру тетіктерінің жетіспеушілігі. Сондықтан Жасанды интеллект министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, шағын және орта бизнес саласында жасанды интеллектті енгізуді ынталандыру тәсілдерін әзірлеуі қажет.

Ғылым және жоғары білім министрлігі осы бағытта жаңа мамандарды даярлаумен қатар, әртүрлі салада еңбек етіп жүрген кадрларды қайта даярлап, аталған мәселеге баса мән беруі тиіс.

«Жаңа Конституцияда алғаш рет азаматтардың дербес деректерін қорғау құқығы бекітілді. Бұл саланың одан әрі дамуына серпін беріп, мемлекеттің стратегиялық басымдықтарын айқындайды. Қазір заңнамада жасанды интеллект жүйелерін пайдалану кезінде дербес деректерді қорғау қажеттілігі көзделген», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жасанды интеллект министрлігіне үшінші тараптар мен жүйелердің дербес деректерге рұқсатсыз кіруіне жол бермеу, сондай-ақ зияткерлік меншік нысандарына құқықтарды қорғау мақсатында тиісті бақылауды қамтамасыз етуді тапсырылды.

Digital Qazaqstan стратегиясының жобасы елімізде түбегейлі цифрлық өзгерістерді қамтамасыз етіп, экономика салаларында жасанды интеллектті енгізуге бағытталғаны атап өтілді.

Тапсырмалардың жүзеге асырылуын бақылау және үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевке жүктелді.

Жетісуда 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды



«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында «Жасыл желек» республикалық ағаш егу акциясы өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен телекөпір байланысы арқылы өткен шара еліміздің барлық өңірін қамтыды. Осы күні Жетісу облысында акцияға 15 мың адам қатысып, 8 мыңнан астам ағаш егілді, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы күні Талдықорғандағы орталық бассейн алаңындағы ағаш отырғызу шарасына облыс әкімі Бейбіт Исабаев және жастар ұйымдарының өкілдері, эко-белсенділер қатысты. Спорт нысанының алдына 150 көшет егілді.

Өңір басшысы акцияға келген жастармен әңгімелесіп, олармен пікір алмасты.

Бүгінгі жастардың өз-өзін дамытуға мүмкіндігі көп. Қазір білімділердің заманы. Гаджеттерді неғұрлым пайдалы, тиімді жағынан пайдалану керек. Әсіресе тілдерді үйренуге, IT-технологияны

меңгеруге көбірек көңіл бөлсеңіздер, оның болашақта игілігін көресіздер, — деді Б. Исабаев.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының мәліметінше, облыс көлемінде акцияға мекемелер, ұйымдар қызметкерлері, коммуналдық қызметтер, кәсіпорындар, елді мекендер тұрғындары, эко-белсенділер, еріктілер мен жастар жалпы саны 15 мың адам қатысып, 125 техника жұмылдырылған, 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Талдықорғандағы акцияға қатысушы жастар пікір білдірді.

— Талдықорған индустриалды колледжінің 1-курс студентімін. Бұған дейін Текелі қаласында да осындай тазалық және ағаш егу шарасына қатысқанбыз. Өзіме қоғамдық жұмыстарға қатысқан ұнайды. Мұндай шараларда жастар бір-бірімен араласып, танысып, жақсы орта табамыз. Өрі табиғатқа қамқорлық жасауға бірлесіп жұмыламыз. Бұл бізді ұйымшылдыққа, экологиялық мәдениетімізді қалыптастыруға көмектеседі, — деді Дархан Жұмаев.

Ағаш егуге жастар ұйымдарында белсенділік танытып жүрген оқушылар да бар.

— Мен екі жылдан бері Unicef жастар ұйымының мүшесімін. Өзім Назарбаев зияткерлік мектебінде 10-сыныпта оқимын. Біз балалардың құқығын қорғау бағытында ақпараттандырумен айналысамыз. «Jetisu Jastary» ұйымымен бірге осындай экологиялық акцияларда белсендіміз. Біздің эко-волонтерлық туралы арнайы курстарымыз бар, мүшелерімізді сол курстарда оқытамыз. Яғни әр эко-волонтер өзінің білгенін басқаларға да айтып, жеткізіп, білімімен бөлісіп үйретеді, — дейді Нұрай Қожекенова.

Атап өтсек, осы күні Астанада «KazEcoPatrol» қоғамдық бірлестігінің волонтері Давид Виргки Президенттің қолынан Алғыс хат алды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Фотограф: Дмитрий Ерофеев.

Тазы және төбет ит тұқымдарын өсіру орталығы салынып жатыр



Жетісу облысының Көксу ауданында жуырда тазы және төбет иттер өсіруге арналған ұлттық орталық пайда болды. Орталықтың құрылысы барысымен облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысып қайтты. Атап өтсек, қазақтың тазы және төбет ит тұқымдарын жаңғыртуға арналған бұл кешеннің Қазақстанда және ТМД елдерінде баламасы жоқ, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы орталықта салынған нысандарды аралап көрді. Мұнда 23 әкімшілік ғимарат орналасқан: жатақхана, гараж, жем дайындайтын ас үй, ветеринарлық клиника және иттерді ұстайтын үй-жайлар бар. Сондай-ақ иттерге арналған жүгіру жолағы, ат қора және тазы мен төбеттерді аңшылыққа, салт атты адаммен еріп жүруге үйрететін жабық манеж қарастырылған.

— Бүкіл кешен бүгінгі күнге іс жүзінде дайын, инженерлік желілер тартылған, қазір абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Құрылысты маусым айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. Қазіргі таңда нысанда 100 адам жұмыс істеп жатыр, — деді мердігер ұйымның басшысы Рахмет Мәдет.

Белгілі болғандай, орталықта ит өсіру бағытында ауқымды жұмыс жүргізілмек. Мұнда Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанынан құрылған ғылыми орталық жұмыс істеп, алдын ала мәлімет бойынша 50 тазы, 50 төбет тұқымды ит ұсталады.

Атап өтсек, жобаны қаржыландыру «Астана-20» қорының демеушілік қаражаты есебінен жүзеге асырылуда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Фотограф: Дмитрий Ерофеев.

Елдің ырысы - ЕГІНДЕ

Жетісу өңірінің аграрлық аймақтарының бірі – Сарқан қаласының шаруа қожалықтарында көктемгі дала жұмыстары бел ортасына келіп, егіс науқаны жоспарлы түрде жүзеге асуда. Көктемнің әрбір күні жылға азық болатынын ескерген сарқандықтар тарапынан биылғы жылы жаздық оңды дақылдарды 5500 гектар алқапқа себу жоспарланған болса, қазіргі таңда оның 4587 гектары игеріліп үлгерді. Бұл – шаруалардың уақытты тиімді пайдаланып, науқанды жүйелі жүргізіп жатқанының айғағы.

Егінші қауымы үшін ең бастысы уақыт пен күн райының жайлылығы. Ауыл шаруашылығы құрылымдары жетекшілерінің айтуынша, егіс жұмыстары ауа райының қолайлы жағдайын ескере отырып ұйымдастырылуда. Дикандар мамыр айына дейін жаздық дақылдарды толық сеуіп бітіруді көздеп отыр. Сонымен қатар, майлы дақылдар бойынша да жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Жоспарланған 2000 гектардың бүгінде 1000 гектарына себу жұмыстары жүргізілген. Бұл бағыттағы жұмыстар да кезең-кезеңімен жалғасып жатыр.

Қант қызылшасы бойынша биыл 300 гектар алқапқа себу жоспарланған. Қазіргі таңда оның 72 гектары егілді. Бүгінде алғашқы өскіндер жер бетіне шығып, көгеріп келеді. Шаруалардың айтуынша, дақылдың шығымы жақсы, өсім қарқыны көңіл қуантарлық деңгейде.

Жалпы алғанда, Сарқан өңірінде көктемгі дала жұмыстары қарқынды әрі жоспарға сай жүргізілуде. Сапа мен технологияның салтанат құруын мақсат еткен дикандар мол өнім алу үшін барлық агротехникалық талаптарды сақтап, егіс алқаптарында тынымсыз еңбек етуде.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Пестицидтерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер ғана қолдануға жатады. Пестицидтерді қолдану тіркеу куәлігі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Пестицидтармен істелетін барлық жұмыстар тігілген және нөмірленген журналда тіркеледі, оларда міндетті түрде мынандай мәліметтер көрсетіледі: Пестицидтердің атауы; Әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер жіктелуіне сәйкес пестицидтің қауіптілігі; Организмнің атауы; Жұмсау нормасы; Ертіндінің көлемі; Ертіндінің дайындалған күні; Өңдеу түрі (жер үсті, авиациялық, аэрозольдік); Орны мен алаңы; Өңделген күні; Өңделген дақылдың түрі.

Пестицидтармен жұмыс істелетін орындар пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдармен, нұсқаулармен, жадынама-лармен қамтамасыз етіледі, 3-4 км аумағында ара омартасы және мал болмауы тиіс.

Пестицидтерді қолдану пайдалану регламенттеріне (жұмыс нормасы, өңдеу тәсілі мен еселігі, шектеулер, күту мерзімдері, ұсынылған жеке қорғаныс құралдарынан қолдану) сәйкес жүзеге асырылады. Қолдану барысында регламентті мейлінше сақтап, арнайы киім, респиратор киіп, қауіпсіздік техникасы сақталуы тиіс.

Пестицидтармен жұмыс істейтін жұмысшы медициналық тексеруден өтіледі. Пестицидтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, тамақ ішуге жол берілмейді. Өсімдіктерді пестицидтармен тозаңдату және бүріктіруді ерте және кешкі желдің жылдамдығы жерүсті аппаратурасын қолданған кезде 3 м/с және авиацияны қолданған кезде 2 м/с аспағанда жүргізуге рұқсат етіледі.

Жалпы өсімдік қорғау препараттарын күн ыстықта, желді-жаңбырлы ауа-райында қолдануға қатаң түрде тыйым салынады. Себебі, күн ыстықта жер бетінен жылы ауа жоғары көтерілетіні белгілі, өте ұсақ тамшымен шашылған пестицидтің әсерлі заттары буланып, жоғары қозғалған ауа ағысымен көкке ұшып кетеді. Желтең күні шашылған дәрі желмен мүлде басқа жаққа ұшып, адамдарды, малды улап, зиянын тигізеді. Жаңбырлы күні шашылған пестицидтерді жаңбыр шайып кететіндігі айтпаса да түсінікті. Пестицидтерден босаған ыдыстарды тұрмыста қолдануға мүлде болмайды, оларды арнаулы орындарға, залалсыздандыруға міндетті түрде өткізу қажет.

Жеке және заңды тұлға жоғарыдағы көрсетілген қауіпсіздік ережелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен жазаға тартылады.

Р.БОКУШБАЕВ,

Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының Өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы артып келеді

Черкасск ауылдық округінде мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі қолжетімді көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл – халыққа қолайлы жағдай жасау, қызмет көрсету үдерістерін жеңілдету және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатындағы негізгі басым бағыттардың бірі.

Есепті кезеңде ауылдық округ әкім аппараты тарапынан барлығы 63 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде жер қатынастарына байланысты қызметтер басым орын алады. Атап айтқанда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту бойынша 2 қызмет, жер учаскесіне құқықтарды алу (жалға беру) бойынша 6 қызмет, ал жерді жеке меншікке рәсімдеу бойынша 25 қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, балаларды тасымалдау қызметі бойынша 30 қызмет ұйымдастырылды.

Бүгінде мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алу көрсеткіші де айтарлықтай өсіп отыр. eGov порталы арқылы жалпы саны 417 қызмет көрсетілген. Оның ішінде жұмыс іздеуші ретінде тіркелу – 82, электрондық цифрлық қолтаңба алу – 268, медициналық ұйымға тіркелу – 25, түрлі анықтамалар алу – 21, тұрғылықты жері бойынша тіркелу – 14, тұрғын үй кезегіне қою – 7 қызметті құрайды.

Ауыл тұрғындарына электрондық қызметтерді пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Азаматтарға портал арқылы қызмет алу, ЭЦҚ рәсімдеу және онлайн өтініш беру бойынша нақты практикалық көмек көрсетілуде. Өсіресе, егде жастағы тұрғындарға ерекше көңіл бөлініп, олардың мемлекеттік қызметтерді алуына жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы тұрақты бақылауда. Қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуы мен заң талаптарының орындалуы қамтамасыз етілген. Есепті кезеңде бұл бағытта ешқандай шағым тіркелмеген.

Жалпы, Черкасск ауылдық округінде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

М.АЙТЖАНОВ,

Черкасск ауылдық округінің әкімі.

Мемлекеттік қызметкердің этикасы: СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕГІЗІ

Қоғам мен мемлекет арасындағы ең маңызды көпір – мемлекеттік қызметкер. Оның әрбір әрекеті, әрбір сөзі халықтың мемлекеттік билікке деген сеніміне тікелей әсер етеді. Сондықтан мемлекеттік қызметкердің этикасы жай ғана ереже емес, ол – күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігі.

Күн сайын мемлекеттік органдарға түрлі сұраныстар түседі: біреу жер мәселесін шешкісі келеді, енді бірі анықтама сұрайды, тағы бірі өз құқығын қорғауды талап етеді. Осындай сәттерде қызметкердің басты міндеті – мәселені тек қарау емес, оны әділ әрі түсінікті түрде шешу. Азамат үшін ресми жауаптың құрғақ мәтін болуы маңызды емес, ең бастысы – оның нақты, шынайы және заңға сай болуы.

Этиканың ең айқын көрінісі – қарым-қатынас мәдениеті. Кейде азаматтар ашумен немесе түсінбеушілікпен келеді. Бірақ кәсіби қызметкер қандай жағдай болса да сабыр сақтап, құрметпен жауап береді. Себебі сыпайылық – әлсіздік емес, керісінше, жоғары мәдениеттің белгісі.

Адалдық – мемлекеттік қызметтің өзегі. Қызметтік мүмкіндіктерді жеке мақсатта пайдаланбау, сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу – әрбір қызметкердің басты ұстанымы болуы қажет. Себебі бір ғана заңсыз әрекет бүкіл жүйеге деген сенімді әлсіретуі мүмкін.

Қазіргі заманда мемлекеттік қызметкер тек орындаушы емес, ол – шешім қабылдаушы, кеңес беруші және халыққа бағыт көрсетуші тұлға. Сондықтан кәсіби біліктілікті арттыру, заңнаманы білу және оны дұрыс қолдану – этиканың ажырамас бөлігі.

Қорытындысында, мемлекеттік қызметкердің этикасы – бұл құр сөз емес, ол нақты іс-әрекет арқылы дәлелденетін құндылық. Әдептілік, әділдік және жауапкершілік үйлескен жерде ғана халық сенімі қалыптасады, ал сенім бар жерде – тұрақты даму бар.

Д. ДАИРЖАН,

Черкасск ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басты мақсаты – қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру. Сонымен қатар, бұл саясат жемқорлық деңгейін төмендетуге, халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға және экономикалық дамуға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бірнеше маңызды қағидаттарға негізделеді. Біріншіден, заңдылық қағидаты – барлық әрекеттер заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Екіншіден, ашықтық пен жариялылық – мемлекеттік органдар қызметі қоғамға түсінікті әрі қолжетімді болуы қажет. Үшіншіден, теңдік қағидаты – заң алдында барлық азаматтардың тең болуы. Төртіншіден, жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығы – құқық бұзушылар міндетті түрде жауапқа тартылуы тиіс. Сонымен қатар, алдын алу шаралары мен қоғамның қатысуы да маңызды қағидаттардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру үшін бірқатар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді іске асыру – кешенді және жүйелі жұмыс



тиімді тетіктер қолданылады. Олардың қатарында құқықтық реттеу жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметті цифрландыру, электронды үкіметті дамыту, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз ету маңызды орын алады. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және мониторинг жүргізу, бақылау органдарының жұмысын күшейту, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық

ақпарат құралдарының белсенді қатысуы үлкен рөл атқарады. Білім беру жүйесінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру да ұзақ мерзімді тиімді шаралардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді іске асыру – кешенді және жүйелі жұмысты талап етеді. Оның мақсаттары айқын, қағидаттары нақты және тетіктері тиімді болған жағдайда ғана қоғамда әділдік орнап, тұрақты даму қамтамасыз етіледі. Әрбір азаматтың адалдық пен жауапкершілік қағидаттарын ұстануы бұл бағыттағы жетістіктің маңызды шарты болып табылады.

Т.КУСАИНОВ,

«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалының директоры.

Күнделікті өмірдегі өрт қауіпсіздігі

Жеке үйлер мен көп пәтерлі ғимараттардағы өрт қауіпсіздік ережелерін ұмытпау маңызды. Өйткені соңғы кездері жеке тұрғын үйлерде өрттердің жиілеуі өзекті болып тұр. Көп жағдайда өрт абайсыздықтан, немқұрайлықтан, қарапайым өрт ережелерін сақтамаудан туындайды.

Күнделікті өмірде, оның ішінде балалардың өркелігі себебінен өрттің пайда болуын болдырмау мақсатында қарапайым ережелерді сақтау қажет:

► балаларды қараусыз қалдырмаңыз немесе ересектер болмаған кезде қауіпті ойындарды болдырмау үшін қажетті сақтық шараларын қолданыңыз;

► балаларға электр және газ құрылғыларын, сондай-ақ жанып жатқан пештерді қарауды тапсыруға болмайды. Оларға электр және газ құрылғыларын өздігінен қосуға рұқсат бермеңіз;

► сіріңкелерді, оттықтарды, керосинді, бензинді және т. б. балалардың қолы жететін жерлерде сақтауға жол бермеңіз;

► электр желісіне электр жылыту аспаптарын (электр плиталары, қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, жылыту жастықшалары және т. б.) қараусыз қалдырмаңыз;

► зақымдалған ажыратқыштарды, розеткаларды пайдаланбаңыз, сақтандырғыштардың балқыту кірістіруі жанған кезде үйдегі "қателер" кірістірулерін орнатпаңыз;

► бір розеткаға бірнеше жоғары қуатты электр құрылғыларын қоспаңыз.

Ө.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Я живу в области Жетысу, в городе Саркан, и потому для меня национальное согласие в Казахстане – это не отвлеченная политическая формула, а живая реальность повседневной жизни. Для нас мир и взаимоуважение начинаются не с громких слов, а с обычных человеческих отношений: с добрососедства, взаимопомощи, уважения к языку, традициям, вере и памяти друг друга.

Особую роль в укреплении общественного мира играет Ассамблея народа Казахстана. Её статус и деятельность определены отдельным законом, а сама Ассамблея имеет конституционное значение в системе общественного согласия страны. Это важный институт, который помогает сохранять диалог между культурами, поддерживать атмосферу доверия и формировать общую гражданскую идентичность при уважении этнического многообразия.

Для меня, как гражданка, тема согласия особенно близка ещё и потому, что наш регион сам по себе является примером многонационального сосуществования. Область Жетысу была образована 8 июня 2022 года, её административный центр – Талдыкорган, а в состав области входят восемь районов и два города областного подчинения.

В Сарканском районе, согласно статистике, на начало 2019 года население составляет: 81% этнические казахи, 19% жители других национальностей: русские, татары, немцы, корейцы, чеченцы и представители других национальностей. Эти цифры показывают, что даже в сравнительно небольшом районе Казахстана живут люди разных национальностей, и именно уважение друг к другу делает такое сосуществование прочным и естественным.

НАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ – ОСНОВА ЕДИНСТВА Казахстана

Казахстан с первых лет независимости сделал межэтническое согласие одной из важнейших основ государственности. Это закреплено и на уровне Конституции: все равны перед законом и судом, и никто не может подвергаться дискриминации по мотивам происхождения, национальности, языка, отношения к религии и другим обстоятельствам. Конституция также подчёркивает равенство гражданства, независимо от оснований его приобретения. Именно такой правовой фундамент делает единство народа не лозунгом, а принципом жизни страны.

Сила Казахстана, на мой взгляд, в том, что здесь умеют не противопоставлять культуры, а соединять их в общем доме. В нашей стране одинаково тепло воспринимаются и Наурыз, и Рождество. Это не просто вопрос традиции, а выражение общественной философии Казахстана: уважать свои корни и одновременно бережно относиться к духовному миру соседа. Наурыз объединяет людей идеями обновления, добра, щедрости и единства. Рождество напоминает о милосердии, мире и семейных ценностях. А такие праздники, как Курбан-айт, подчёркивают значимость духовной ответственности, благотворительности и заботы о ближнем.

Важно и то, что уважение к религиозному многообразию отражено в законодательстве. В Казахстане 7 января — православное Рождество и первый день Курбан-айта закреплены как выходные дни. Это очень показательно: государство не стирает различия, а признаёт и уважа-

ет значимые для людей духовные даты. Такой подход укрепляет доверие между людьми и подтверждает, что национальное согласие в нашей стране строится не на формальности, а на подлинном признании культурного и религиозного разнообразия.

Я убеждена, что национальное согласие в Казахстане держится на трёх прочных основаниях: законе, исторической мудрости и культуре повседневного уважения. Закон защищает равенство. Историческая память учит нас ценить мир. А повседневная культура общения делает этот мир живым и прочным. Именно поэтому для меня Казахстан – это место, где единство не отменяет различий, а различия не мешают единству.

Живя в Саркане, я особенно ясно понимаю: подлинное согласие начинается там, где люди умеют видеть друг в друге не «чужих», а соседей, коллег, друзей и соотечественников. Национальное согласие – это не только достижение Казахста-



но, но и его будущее. И наша общая задача – беречь эту ценность, передавать её молодёжи и укреплять её каждым своим словом, поступком и отношением к людям.

О. РАКИТЯНСКАЯ,
почетный работник образования
Республики Казахстан, член
Общественного совета
Сарканского района.

●Облыс әкімінің іссапары

Саялы Сарқан ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, бірқатар нысандарды аралады. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындармен кездесіп, толғандырған мәселелерін тыңдады.

Бейбіт Өксікбайұлы алдымен ат басын табиғи ландшафты сақтай отырып салынған «Қойтас» саябағына бұрып, 2022 жылы пайдалануға берілген парктің абаттандыру, көркейту бойынша атқарылған жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жетісу облысында 3 эко-саябақ құру жұмыстары басталды. Соның бірі – Сарқан қаласындағы «Қойтас» саябағы. Аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев оны кеңейту, абаттандыру жобаларымен таныстырды. Аудан басшысының айтуынша, жалпы аумағы 6 гектарды құрайтын парктің инфрақұрылымы былтыр айтарлықтай кеңейтілген. Атап айтсақ, эко-саябақ аумағында 850 метр жаяу жүргіншілер жолы, орындықтар, жарық шамдары, балалар ойын алаңы, субұрқақ және қоқыс жәшіктері орнатылды. Түрлі мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шара өткізуге арналған, 400 адам сиятын амфитеатр, 11 мүсін мен кіші архитектуралық кескіндер, заманауи дәретхана салынды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камералары да қойылған. Бұған дейін эко-парк аумағына «Денсаулық» жағажайы, яғни жалпы ұзындығы 1 шақырымға жуық серуен жолы жасалып, 3 теннистік корд, 2 шахмат столы, футбол, скейт-борд, воркаут алаңдары салынған еді. Атқарылған жұмыстарды көрген облыс әкімі:

– Бұл табиғи ландшафты сақталған экологиялық саябақ және табиғаттың сыйы өзінің бастапқы күйінде қалуы қажет. Сондықтан әр шаршы метрді тиімді пайдаланып, тек табиғи матери-

«ҚОЙТАС» САЯБАҒЫ



алдарды ағаш, тас, топырақты қолдану керек. Сізге эко-паркті дамытудың стратегиялық жоспарын дайындауды және бізге қарауға ұсынуды тапсырамын. Жұмыстың жалпы аяқталуы 2027 жылға жоспарлануы керек. Тұтастай алғанда, бұл саябақ тұрғындардың бірегей демалыс орнына айналады. Болашақта жергілікті тұрғындар ғана емес, елдің басқа аймақтарынан да меймандар ағылып келеді, – деді Б. Исабаев.

Қала әкімі Амантай Орынбековтің айтуынша саябақ аумағын ұлғайту, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

– Бұрын саябақ аумағы бос жатқан жер болды. Біз 6 гектар жерді мемлекет меншігіне алып, кезең-кезеңмен аумағын кеңейтіп, үлкен саябақ жасадық. Биыл эко-парк жасау үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осыған орай ауданын 20 гектарға дейін ұлғайтуды көздеп отырмыз. Қазіргі уақытта жобаның сызбасы әзірленуде. Бүгінде мұнда жағалау бойына қайықпен серуендеу және халыққа су жағасында таза ауамен демалу аймағы салынуда. Жоба мамыр айында толық аяқталады. Сонымен қатар, демеушілер жылдың барлық мезгілінде тубингпен

сырғанау орнын салуды көздеп отыр. Біз бос жатқан жерді дұрыс пайдаланып, құрылысқа тек экологиялық заттарды қолданамыз, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, эко-саябақ ішіне Ту тұғыры орнатылып, шахмат ойнау аралы, ғашықтарға арналған қайыңдар мекені, этно ауыл, су бұрқақ, жасанды сырғанақ салынып, жаяу жүргіншілер жолы Мола-лы көпіріне дейін ұзартылу жоспарлануда. Саябақ аумағына қолжетімділікті арттыру мақсатында қосымша жаяу жүргіншілер көпірі орнатылмақ.

Бұл жобалар табиғи ландшафты сақтай отырып, тұрғындардың демалыс сапасын арттыруға бағытталған. Жетісу өңірінің табиғи сұлулығын тамашалауға келген туристер үшін эко-саябақ ерекше тартымды орын болмақ.

Осыдан кейін Бейбіт Исабаев «Балқаш Тазалық» кәсіпорнының материалдық-техникалық базасымен танысты. Балқаш көлін тазарту мәселесін шешу мақсатында құрылған «Балқаш Тазалық» жаңа кәсіпорны Мемлекет басшысының туристік аймақтарда тәртіп орнату қажеттілігі туралы тапсырмасын іске асыру аясында жүргізілуде.

Кәсіпорын директоры Думан Нүкербаев мекеменің қызметі мен материалдық-техникалық базасы туралы айтып берді. Бүгінгі таңда «Балқаш Тазалық» ШЖҚ МКК-да 36 жұмыс орны құрылса, оны күтіп-ұстауға жалпы 201,5 млн. теңге бөлінген. Аспалы жабдықтары бар тракторлар, фронтальды-шағын тиегіштер, манипулятор, КамАЗ, аралас жол машинасын, қоқыс таситын көліктер, вакуумдық автоцистерна, суару көлігі, «Газель» жүк-жолаушылар көлігі, көпфункционалды экскаватор, тіркеме, қайық, жағажай тазалау машинасы, пикап және екі бензин трициклін қоса алғанда 22 бірлік мамандандырылған техника сатып алынды.

– Біздің ұйым жазғы маусымда Балқаш көлінің жағалауын күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді. Атап айтсақ, жағажайларды тазалап, қалдықтарды шығарып, санитарлық тораптар мен көшелерді жарықтандырып, жолдар мен тротуарларды тазалайды. Сондай-ақ аумақтарды көгалдандырумен айналысады. Қалған уақытта кәсіпорын ауданды абаттандыру, жолдарды санитарлық тазалау және қысқы күтіп-ұстау бойынша жұмыс атқаруда, – деді ол.

Сапар барысында аймақ басшысы туристік маусымда Балқаш жағалауындағы санитарлық жағдай мен абаттандыруды қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Балқаш көлінің туристік әлеуеті мол. Біз көлге апаратын жолды жаңарттық, жағалауға тиісті инженерлік инфрақұрылымдарды тарттық, Лепсі ауылында қажетті әлеуметтік нысандар салдық, жағалаудың санитарлық тазалығын сақтауға жауапты мекеме құрып бердік, техникасы түгенделді. Қысқаша айтқанда, көл жағалауын дамытуға барлық қажетті жағдайды жасап жатырмыз. Ендігі жерде сіздерден сапалы, жүйелі жұмыс қатаң талап



ҰЛТТАР БІРЛІГІ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Эковолонтер, студенттік ассамблеяның жетекшісі, оқу үздігі, белсенді және қазақ тілінің білгірі.

Бұл Сарқан Политехникалық колледжінің 2 курс білімгері Богуш Ульяна Андрейқызына берілген мінездеме. Шаштараз-стилист мамандығының қыр - сырын меңгеріп жүрген Ульяна Андрейқызы мемлекеттік тілде жетік сөйлейді, ойын еркін жеткізеді. Қызылағаш ауылындағы мектепте жоғары сыныптарды қазақша оқыған Ульянамен әңгімелесу барысында

оның мемлекеттік тілге деген құрметін сезінесің, шынайылығына тәнті боласың.

-Шаштараз мамандығында қазақ, орыс, татар, неміс ұлттарынан құралған 22 адам оқимыз. Менің Сәбира, Виолетта, Кристина, Анжелика сынды құрбыларым бар. Жалпы, біздің оқу орнында 11 ұлт өкілі бар. Студенттік ассамблеяның жетекшісі ретінде олардың ынтымақта, береке-бірлікте жұмыс жасауы менің басты мақсатым,- дейді Ульяна.

Ульяна Андрейқызы студенттік ассамблеяның жетекшісі болып биыл 2-ші жыл аталмыш ұйымның жұмысын жандандырып жүр. Колледждегі бүкіл



іс-шараларға, әсіресе қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді қатысады. Аудандық жастар ресурстық орталығымен де тығыз жұмыс жасайды. Ерікті түрде мұқтаж жандардың қыста қарын күресе, жазда аулаларын күл-қоқыстан тазалайды. Күні кеше ғана Астанаға барып, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еріктілермен кездесуіне қатысып қайтты. Жиынға еліміздің әр аймағынан қоғам игілігі үшін қызмет етіп жүрген отаншыл, жасампаз 60-тан аса белсенді волонтер келді. Сарқан ауданынан Ульянаның таңдап алынуы оның ерен еңбегіне деген сенім болса керек.

Бірлік, достық – тек ұран емес, ол күнделікті өмірдегі іс-әрекеттен көрінетін құндылық. Адамдардың бір-біріне деген құрметі, тілге, дәстүрге деген жанашырлығы қоғамның рухани негізін нығайтады. Ульяна Андрейқызы осыны сезімен емес, нақты іс-әрекетімен дәлелдеп жүрген жан.

Жалпы, Сарқан ауданында қазақтармен қатар орыс, өзбек, ұйғыр, татар, неміс, кәріс және басқа да көптеген ұлт өкілдері өмір сүреді. Олардың әрқайсысы өз мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтай отырып, бір-біріне құрметпен қарайды. Бұл – елдегі бейбітшілік пен татулықтың айқын көрінісі деуге болады. Қазақстандағы ұлттар достығы – бүкіл әлемге үлгі боларлық құндылық. Бірлік пен келісім бар жерде даму мен өркендеу де болады. Сондықтан әрбір азамат Ульяна Андрейқызы сынды осы татулықты сақтап, оны нығайтуға өз үлесін қосуы еліміз үшін өте маңызды.

Партия ЖЕҢІСХАН.

ЭКО ПАРККЕ АЙНАЛАДЫ

етіледі. Туризмді дамыту – ауданның басым бағыттарының бірі болуы тиіс, – деді Бейбіт Исабаев.

Еске салсақ, облыста «Алакөл Тазалық» және «Балқаш Тазалық» жаңа коммуналдық мекемелері өткен жылдың соңында құрылған болатын. Олар Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауы аймағын күтіп ұстауға жауап береді.

Келесі кезекте тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, халықпен кездесу жиынын өткізді. Басқосуда сөз алған Бейбіт Исабаев аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоба-жоспарларды таныстырды.

Өз кезегінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

– Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығында өнім көлемі 67,5 млрд. теңгені құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 102,3%-ға өсті. Өнеркәсіпте 16,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда ауданда 3 мыңнан астам бизнес субъектілері бар. Онда 6 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Жергілікті бюджетке түскен салық, құрылыс жұмыстарының көлемі де артты. Әсіресе, тұрғын үй құрылысы 136,8% артық орындалды. Соңғы үш жылда 232 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Былтыр Сарқан қаласында 120 пәтерлі тұрғын үй кезекте тұрған аудан тұрғындарына берілсе, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 62 тұрғын үй сатып алынды. Сарқан қаласының Тәуелсіздік көшесінің бойында әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 60 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, – дей келе әр салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарды баяндады.



Аудан әкімінің айтуынша биыл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 69,4 млрд. теңгеге жеткізу жоспарлануда. Бүгінде егіс алқаптары 98,2 мың гектарды құрайды. Ауыспалы егістік әдісін қолдану мақсатында дәнді дақылдар көбірек себіліп, 52,6 мың гектарға жеткізіледі. Осы межеге жету үшін «Кең дала-2», «Агробизнес» бағдарламалар арқылы 46 шаруашылық несие алған. Көктемгі дала жұмыстарына қатысатын техникалар толық жөнделуден өтіп, алдағы уақытта 90 техника сатып алу жоспарлануда. Мал басын асылдандырумен өңірде 26 шаруа қожалығы айналысады. Биыл қолда бар асыл тұқымды мал басы 10 мыңға жеткізілмек.

Ауыз су мәселесін шешу мақсатында былтыр Сарқан қаласының жоғарғы бас су торабына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Аудандағы 36 елді мекеннің 28-і орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған, 6 елді мекенге ауыз су тасымалданып берілсе, 2 елді мекен орталықтандырылмаған. Күрделі болып табылатын Алмалы, Екіаша және Қойлық ауылдарындағы ауыз су жүйелерін қайта жаңғырту мәселесін

шешу мақсатында 2024 жылы тиісті жобалар әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, аталған жобалар бойынша нақты шаралар жүзеге асады.

Көп тілегі – көгілдір отын. Осыған орай ауданды газбен қамтамасыз ету 2 кезең бойынша жүзеге асырылмақ. Аталған жобалар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Құрылыс жұмыстары 2026 – 2027 жылдары жүргізіліп, аудан аумағындағы 19 елді мекеннің 30-мыңнан астам тұрғыны көгілдір отынға қол жеткізеді деп көзделуде.

Сарқан ауданында кең қанат жайып келе жатқан саланың бірі – туризм. Бұл жөнінде Ғалымжан Қанатұлы:

– Саланы дамыту мақсатында облыс әкімінің тапсырмасымен бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, Балқаш көлінің жағалауында ешқашан болмаған су электр жүйесі, жол, көріз жүйесінің құрылысы жүргізілуде. Шомылу маусымы басталғанға дейін жалпы аумағы 29,3 гектарды құрайтын 3 коммуналдық жағажайдың құрылысы аяқталады. Нәтижесінде орташа есеппен Балқаш көліне келетін демалушылардың

саны жазғы маусымда 50 мың деп есептесек, осы инфрақұрылым жұмыстары аяқталған соң демалушылар саны 500-600 мыңға жуық өсуі күтілуде. Сонымен қатар, көл жағалауындағы коммерциялық мақсаттағы жер учаскелерін конкурс арқылы инвесторларға беру жұмыстары басталды. Тау туризмін дамыту мақсатында «Жасыл көл» туристік жолына ағымдағы жөндеу, «Ағыны қатты» өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы жоспарлануда. Сондай-ақ, «Кіші Басқан» өзені арқылы өтетін көпірінің жобасы әзірленуде, – деді.

Жиын соңында тұрғындар көкейде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды. Атап айтсақ, аудан тұрғыны Талғат Оралханов 1500 халқы бар Қарабөрет ауылындағы 1960 жылдары салынған аурухананың тозығы жеткенін айтып, жаңа аурухана салып беруін келесі жылдан қалмай шешілетінін айтты, орынбасарлары мен аудан әкіміне нақты тапсырма жүктеді. Алмалы ауылының тұрғыны Әлия Есімжанова 1972 жылы салынған орта мектепке 2009 жылы күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе де ескіргенін, 640 балаға салынған білім ордасында 750 бала оқитынын жеткізді. Бұл мәселе алдағы жылы шешілетін болды.

Жиын соңында Бейбіт Өксікбайұлы аудан әкіміне инвесторларды тарта отырып, тауарлы сүт фермаларын, балық өсіруді, мал және балық өнімдерін терең өңдеуді қолға алу, аймақтағы жүргізіп жатқан құрылыс жұмыстарының сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету сияқты нақты тапсырмалар жүктеді.

Айдар ҚАЛИЕВ.
Сарқан ауданы.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.



Уақытпен үндескен ұлы құндылық

Сарқан аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен Ұлттық кітап күні онкүндігі аясында "Кітап. Кітапхана әлемі" атты оқырман конференциясы өтті. Кітапханада өткен «Кітап. Кітапхана әлемі» атты оқырмандар конференциясы – рухани мазмұны терең, тағылымы мол, көпшілікке ой салған маңызды мәдени шаралардың бірі болды. Бұл басқосу тек кітап туралы әңгіме ғана емес, кітаптың адам өміріндегі орны, кітапхана – білім мен парасаттың ордасы екендігін тағы бір мәрте дәлелдеген мазмұнды алаңға айналды.

Конференцияға арнайы шақырылған құрметті спикерлер – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын-жазушы Ігіман Жомарт Мақатұлы өз сөзінде кітаптың адамзат өркениетіндегі маңызын, жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру жолдарын әсерлі жеткізді. Оның ойлы да тағылымды пікірі тыңдаушыларға ерекше серпін берді.

Сондай-ақ ауданның құрметті азаматы Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлы кітаптың өмірлік тәжірибемен ұштасатын құндылығы туралы ой қозғап, жас буынды білімге, ізденіске үндеді. Ал аудандық кітапхана директоры Мухаметқалиева Гүлнар Мерхатқызы қазіргі заман кітапханасының жаңа келбеті, заманауи қызметі мен оқырман тартудағы тың бастамалар тура-

лы мазмұнды баяндама жасады.

Шара барысында оқушылардың орындауындағы әсерлі өлеңдер топтамасы кештің көркін аша түсті. Жас оқырмандардың көркем сөзге деген сүйіспеншілігі мен өнерге жақындағы көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Конференцияға ауылдық, аудандық, мектеп кітапханашылары қатысып, өзара тәжірибе алмасып, пікір бөлісті. Өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, тілін, дінін, ділін, әсіресе өткен тарихын пір тұтқан адам ғана – болашағы зор, көкірегі ашық, білімді, мәдениетті, өркениетті елдің азаматы болатындығына сенімдімін. Олай болса сіздер үшін кітапхана есігі әрдайым ашық. Келіңіздер, көріңіздер, кітап оқыңыздар!

Л.ҚҰЛЫМБЕТОВА,
аудандық кітапхана библиографы.

Халқына адал қызмет еткен



Тәңірберген Қалилаханов – соғыс және еңбек ардагері, Жетісу өңірін зерттеуші, журналист, этнограф, тарихшы, жазушы, драматург.

«Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер, Ақсу театрының директоры, Ақсу ауданының газетінде редактор қызметін атқарған. Қалилаханов ақын Сара шығармашылығын зерттеушілердің бірі. «Ақын Сара» кітабының авторы. Жазушы қаламынан туған «Абылай аманаты», «Алтын бесік» пьесалары облыстық қазақ драма театрының сахнасында қойылған. «Қазақ қағанаты», «Қара шаш» ертегі драмасының, «Әсет-Мақпал» либреттосының, «Ақын Сара» киносценарийінің авторы.

Жазушының «Түп төркін», «Хандар шыққан Қазақстан» тарихи хикая әңгімелер циклі, «Қош, қонақжай дүние», «Құда құрмет», «Балаларыма» өлең-поэмалары жарық көрген.

Биыл журналист, публицист, драматург Тәңірберген Қалилахановтың туғанына 110 жыл толып отыр. Өмірдің талай қиын қыстау өткелдерінен сүрінбей өтіп, халқына адал қызмет еткен Тәңірберген Қалилаханов 1916 жылы 10 сәуірде Алматы облысы Сарқан ауданына қарасты Кесікқұм қыстауында дүниеге келген.

1939 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылды. Саяси командир, артиллериялық взвод командирі болған.

Соғыстан кейін Тәңірберген Қалилаханов өзінің туған жері Қазақстанға оралады, Алматы облысы Ақсу ауданының Ақсу ауылындағы ауылдық клубтың директоры болып жұмыс істейді. Алматы жоғары партия мектебінде жоғары саяси білім алады, 1955 жылдан Алматы облысы Қапал аудандық партия ұйымының хатшысы болып тағайындалады. 1951 жылдан бастап 1976 жылға дейін журналистика саласында жұмыс істейді. «Өмір нұры» аудандық газетінің корреспонденті, редактордың орынбасары және редакторы болып қызмет атқарады.

1938 жылы өмірлік жары Каукембаева Гүлбахарумен отбасын құрып, жайлы, шуақты, бақытты өмір сүреді. 4 ұл және 6 қыз дүниеге келді.

Еңбек ардагері өзінің еңбек ету кезеңінде қазақ халқының мәдени-тарихи өткінін зерттеуге орасан зор үлес қосқан.

Тәңірберген Қалилаханов жасаған еңбектері, оның артына қалдырған маңызды да құнды шығармалары мен ғылыми зерттеулері бүгінгі күні жасөспірімдерге баға жетпес құнды мұра болып қалады. Тәңірберген Қалилахановтың басылып шыққан кітаптары әр кез өз оқырмандарына толы.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санатты архивісі.



БЕРЕКЕ-БІРЛІК – БІЗДІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Қазақстан халықтарының береке-бірлігі – елдің ең қымбат әрі ең басты байлығы. Тәуелсіз еліміздің іргесі берік, керегесі кең болуы, экономикасының өсіп-өркендеуі, алаңсыз тіршілік кешуіміз де ең алдымен осы татулық пен ынтымақтың арқасы.

Бүгінде Қазақстанда түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп келеді. Әр халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі құрметтеліп, дамуына толық мүмкіндік жасалған. Осындай сыйластық пен өзара түсіністік қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі болып отыр.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген дана сөз бекер айтылмаған. Қоғамдағы келісім мен татулық – экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізі. Егер халық арасында ауызбіршілік болса, кез келген қиындықты еңсеруге болады.

Біздің ауданда соңғы санақ бойынша 16 ұлт пен ұлыс өкілдері татутәтті ғұмыр кешуде. Қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, беларус, шешен және т.б. ұлттар ауыл-аймақтарда, сан түрлі салаларда ынтымақтаса, қоян-қолтық еңбек етіп, береке мен бірлікті ту етуде. Көптеген ұлттық, мәдени, қоғамдық ұйымдар құрылып, ел бірлігін еселеуге ат салысып жатыр. Шындығына келгенде біздің бірлігіміз әралуандығымызда. Ортақ отанымыз – Қазақстанның өркендеп, дамуы барлығымыздың, ұлтымызға, діни наным-сенімімізге қарамай басты тілегіміз деп батыл айта аламын. Әсіресе қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде ауызбіршілік өте-мөте қажет-ақ.

Х.ДУВИЕН,
Абай атындағы мектеп-гимназияның мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі.

ЕРЛІК – МУЗЕЙ ТӨРІНДЕ МӘҢГІЛІК

Көктемнің шуақты күнімен бірге жеткен 9 Мамыр – жүректегі жараны да, жеңістің шаттығын да қатар оятатын күн. Бұл күн — ерліктің, елдіктің, еңселі рухтың мерекесі. Бұл күні біз соғыс даласында от кешкен, тылда тер төккен аталарымызды еске аламыз. Олардың әрбірінің тағдыры — тұтас тарих. 9 Мамыр – халқымыздың қаһармандық рухының, қайсарлығының символы.

Сарқан ауданының тарихы музейі – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Музей залында сол сұрапыл жылдардың күесіндей жәдігерлер сақталған. Музей залына қадам басқан әрбір жан сол бір сұрапыл жылдардың демін сезінгендей болады. Мұндағы әрбір экспонат — жай ғана зат емес, тағдырлардың үнсіз сөйлеген тілі. Майданнан келген сарғайған хаттар, солдаттың каскасы, қан майданда жауынгермен бірге болған әскери планшеті — әр экспонаттың өз сыры бар. Музей залында Сарқандық майдангерлердің жеке заттары, фото-суреттері, орден-медальдері қойылған. Берлинді алуға қатысқан жауынгердің каскасы, қару-жарақ қалдықтары, мылтықтар — әр жәдігер соғыс зардабын, жеңіс қуанышын қатар жеткізеді. Олардың жауынгерлік жолы мен тылдағы ерен еңбегі — бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Соғыстың аты — соғыс. Оның әкелген қайғысын да, көрсеткен тауқыметін де ұмытуға хақымыз жоқ. Музей залындағы жәдігерлер арқылы біз бүгінгі жас ұрпаққа бейбіт өмірдің бағасын, бостандықтың құнын ұғындырамыз.

Біз музейге келген әрбір қонаққа, әсіресе мектеп оқушыларына осы жәдігерлердің сырын айта отырып, отансүйгіштік нәрін себеміз. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағида біз үшін жай ұран емес, ол — парыз. Батырлардың ерлігі ұмытылмаса ғана елдігіміз мәңгі жасайды, рухымыз асқақтай түседі.

9 Мамыр — тек мереке емес. Бұл — тағзым. Бұл — тағылым. Жеңіс күні құтты болсын!

Д. ЕСЕНГЕЛДІ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия-жетекшісі.

Әдебиеттің інжу-маржандары

Сарқан ауданы, Қойлық ауылдық кітапханасында Ұлттық кітап күніне орай «Балалар әдебиетінің інжу-маржандары» атты әдеби вернисаж өтті.

Көптеген қазақ жазушылары өз шығармашылығын жас оқырмандарға арнаған. Олардың кітаптары балалық шақ, достық, шытырман оқиғалар мен армандар жайында сыр шертеді. Қарапайым әрі әсерлі оқиғалар арқылы балалар өз халқының мәдениетімен, дәстүрлерімен және игі істерге шабыт беретін қаһармандармен танысады. XX ғасырда балаларға арнап үздік туындылар қалдырған Бердібек Соқпақбаев, Сайын Мұратбеков, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әли, Қастек Баянбай сынды авторлар балаларға арнап жазған. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі балалар әдебиеті әртүрлі мазмұн мен тақырыптарды қамтиды. Әдебиет те өнердің бір түрі болғандықтан, оқушы-оқырман өзі ұнатқан туындыларды таңдап оқуға еркі бар. Қазіргі балалар ертегі, фантастика, ғылыми фантастика жанларынан бастап, әртүрлі жанрдағы туындыларды оқуына жағдай жасалған және авторлар балалардың көңілінен шығатын, олар қызығатын туынды жазуға тырысып жатыр.



А. АДАМБАЕВА, Б. ЕСЕНГАЛИЕВА,
Қойлық ауылдық кітапханашылары.

Конкурсқа шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

Table with columns: №, Жер учаскесінің аумағы, Аумақ шаруашылығы, Жер учаскесінің аумағы, Жер учаскесінің мақсаты, Түрлері мен сипаттамасы, Жер учаскесінің аумағы, Сұрыпталуы, Сұрыпталуы, Сұрыпталуы, Сұрыпталуы.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы өкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидалары бекітілуі туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізілетіндігі туралы хабарлады:
Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурс құжаттамасы) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелі күннен кейін, 18 мамырдан 01 маусымға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.
Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурс құжаттамасы) соңғы мерзімі: 2026 жылдың 1 маусым айының 18 сағат 30 минутқа дейін. Конкурс құжаттамасы мынадай құжаттар болуы қажет: Ашық ақпаратты жүзгізу үшін жер учаскесін беруші қоспағанда, конкурс құжаттамасының 1) бизнес-жоспар (инвестицияларын болжамау қолмау, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қондырғыларын артогенология, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабақтық, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); 2) шаруашылықтың жерге орналастыру жобасын жасау және иеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттеме; 3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қартаңдағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жапыңдыларды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өндіріс мамандығына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының өсіу алаңдары құрылымын арттыратындару бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, қалыптасқан артогенологияларды, фитосанитарлық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттеме қамтылуы тиіс.
Конкурс құжаттамасы, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері немірленіп, тігілен түрде, жабық конвертте ұсынылады. Конкурс құжаттамасы өтінім беруші ұсынған міндеттеме мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырама бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, Конкурс құжаттамасы, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері немірленіп, тігілен түрде мөлген немесе өшірілмеген сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурс құжаттамасының соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сәнімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғаның үшін - бірінші басшының (немесе сәнімді өкіл) қолымен және мерімен (бар болса) күендіріледі.
Өтінімдер және конкурс құжаттамасы қатысушыға грамматикалық және арфметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай қысқартулар, өшірулер немесе қосымша жазулар болмауы тиіс. Конкурс құжаттамасы жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және « жылғы _____ » дейін алу болмайды» (ашудың нақты күні көрсетілген) деген сөздер жазылады.
Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

Table with columns: №, Место размещения земельного участка, Вид пользования участком, Площадь участка, Назначение участка, Категория земель, Вид собственности, Вид собственности, Вид собственности, Вид собственности.

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

Сарқанский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и в районной газете «Сарқан» и интернет-ресурсе Акимата Сарқанского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.
Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течение 10 рабочих дней, с 18 мая по 01 июня, по адресу: (область Жетісу, Сарқанский район, г. Сарқан, улица Тынышбаева №8), в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Сарқанского района.
Принимая заявку на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 01 июня 2026 года, в 18 часов 30 минут. Открытия конкуртов с конкурсной документацией будет проведена 02 июня 2026 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарқанский район, г. Сарқан, улица Тауелсіздік №111) в большом зале районного акимата. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе и участниках (акционерах) заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя; для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя; местоположение земельного участка, на который претендует заявитель; конкурсное предложение; обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства или сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.
Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
Конкурсное предложение должно содержать: Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит: 1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест); 2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры; 3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.
Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде – пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства». Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.
В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подпунктов или приписок, за исключением тех случаев, когда у заявителя необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки или опечатки.
В закрытом конверте конкурсное предложение указывается надпись: «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до _____ года» (указывается точная дата). Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93 (районное отделение сельского хозяйства и земельных отношений).

Сиверс алма ағашының гүлдеуі



Сен туған күн, мерекеліен!

Алтындай ардақты досымыз **Абдулдаева Алмагүл Ешмуханқызын** сәуір айының 29-ы күнгі туған күнімен әрі 60 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Алпыстың асқарына шығып, өмірдің ең бір кемел шағына қадам бастыңыз! Бұл жас – ақыл мен парасаттың, көрегендік пен байсалдылықтың белгісі, жігер мен өмірлік тәжірибенің үйлесім тапқан кезеңі. Осынау қуанышты күні жаныңыз жайсаң, жүрегіңіз нұрлы, денсаулығыңыз мықты болсын! Қуаныш пен бақыт сізден алшақтамасын! Өміріңіздің осы жаңа парағы, мерейлі кезеңі сізге ерекше бақыт сыйласын! Ұрпағыңыздың қызығына кенеліп, ұзақ ғұмыр кешіңіз! Өлі талай қуанышты сәттер мен жарқын күндер молынан болып, барлық армандарыңыз орындала берсін! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

Құттықтаушы: достары.



● **Мезгіл мәселесі**

АДАМ деуге АУЫЗ БАРМАЙДЫ

Ауданымыз оның ішінде қаламыз жыл сайын көркейіп келеді. Көрген көз қуанады, көңіл сүйсінеді. Өмірі жөнделмеген, қара май мен қиыршық тас көрмеген Сарқан қаласының көшелеріне (әсіресе орталықтан қашық, қалтарыс көшелерге) асфальт салынып, адам жүретін тротуарлар төселіп, олардың бойларына көптеген орындықтар қойылып, арықтарға жаңа лотоктар салынып, аялдамалар орнатылып, көшелерге заманауи жарық шамдары ілініп дегендей барлығы тұрғындардың игілігі үшін жасалу үстінде.

Бірақ сол жаңа дүниені сындырып, бүлдіріп, ұрлайтындардың пайда болуы жаныңды ауыртады. Әсіресе соңғы жылдары «Қойтас» паркі адам танымастай өзгерді. Жыл, ай санап емес, күн санап құлпырып, жанданып келе жатқан аталмыш парк табиғилығымен, көркімен экопарк дәрежесін алып, Республика деңгейінде мойындалып, Сарқан өзенін жағалай тарам-тарам адам жүретін жол төселген болатын. Кеңдеу жерлеріне алаңдар жасалып, оларға орындықтар, қоқыс жәшіктері, алтыбақандар, турниктер орнатылып, айнала шамдар ілінген болатын. Қаз қатар тізілген жарық шамдары кеш мезгілінде жаяу жүргіншілердің, серуендеушілердің көңіліне қуаныш ұялатсын, сәтті демалсын деген жақсы ниеттен туындағаны сөзсіз. Ал қазіргі күйі жүрегіңді ауыртады. Сом темірден жасалған алтыбақандар зұлым күшпен сындырылған, қоқыс жәшіктері майысқан, жарық шамдары ұрланған немесе беткі әйнектері шағылған. Және мұның барлығы қалтарыста, үйлерден қашық тұстарда жасалуы мұның бұзақылық екендігіне дау тудырмайды. Алла адамды жан-жануардан айырып, сана берді, саралады, даралады. Адам ұят, обал, сауап деген адами қасиеттерді сол сана арқылы салмақтайды, парқына барады, нарқын ұғады. Ал қаншама халық қаржысы жұмсалған, жергілікті жұртшылықтың игілігі үшін жасалған дүниені бүлдіріп жүргендерді адам деуге аузың бармайды.

Бұл турасында Президентіміз «Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Елімізде тәртіп болуы керек. Заңды қатаң сақтау қажет» деуі орынды.

Бұл өте орынды айтылған сын. Себебі біздің ауданда да жаңадан қойылған аялдамаларды, көпшілік орындардағы орындықтарды, шамдарды, спорттық құрал-жабдықтарды, қоқыс жәшіктерін қирату, сындыру секілді жағымсыз құбылыстар орын алды. Күні кеше ғана орнатылған жаңа дүниелердің ертеңінде қирап, сынып жатқандығын көргенде жүрегің ауырады. Санасыздардың осынау тірлігіне миың жетпейді. Осындай келеңсіздіктерді көрген сайын хәкім Абайдың «қайнайды қаның, ашиды жаның мінездерін көргенде» деп шарасыздықтан айтқандарын еріксіз қайталаймын.

Саялы өңірімізге достармыз, алыстан құрметті қонақ келгенде «біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп мақтана көрсететін көркем дүниелердің күлін көкке ұшыратындар жазасыз қалмауы тиіс. Жергілікті құқық қорғау органдары бұзақыларды анықтап жазалар, жазалап та жатыр. Дейтұрғанмен санамызды сілкімей, өркениетке ұмтылған туған жерге, елге, ортақ мүлікке деген жанашырлық сезімі оянбай аталмыш мәселе түбегейлі шешімін таба алмасы анық.

Сарқан біздің кіші Отанымыз. Ал Отанның әрбір игілігін, байлығын көздің қарашығындай қорғау біздің әрқайсымыздың перзенттік парызымыз. Осындай көзге қуаныш, келешегімізге сенім ұялататын әсем дүниелер біздің келер ұрпаққа табыстайтын аманатымыз іспетті. Ал аманатқа қиянат жасау азаматтың, арлының ісі емес. Ондай жандарды адам деуге болмайды. Өркениетті елдің азаматы ретінде қоғам мүлкін өз мүлкіміздей қорғауымыз керек. Өз игілігімізді өзіміз бүлдірмейік, жерлестер!

П.ЖЕҢІСХАН.



<p>SARQAN Құрылтайшысы: "Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГИМАН Жомарт Мақатұлы Бас редактор: ЖЕҢІСХАН Партия</p>	<p>Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>			
	<p>Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117 Телефон: 2-20-47, 2-23-53 e-mail: lgiman01@mail.ru</p>	<p>Таралымы: 1850 Осы шығарылымның таралымы: 1850 Газет индексі: 35202, 15202 Офсеттік басылым 1 баспа табақ Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p>
<p>Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.</p>				